

Бұйрық №21

**2021-2022 оқу жылын аяқтау және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

« Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14 тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 1. Сұлукөл ЖОББМ-де оқу сабақтары 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
 2. 9 сынып білім алушыларының бітіру емтихандары 28 мамыр – маусым аралығы;
 3. 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 27 мамыр-10 маусым аралығы.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

 1. Қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан -28 мамыр;
 2. Математика (Алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 31 мамыр;
 3. Орыс тілі мен әдебиет бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) –3 маусым;
 4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Физика, биология) – 6 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

 1. Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 27 мамыр;
 2. Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 30 мамыр;
 3. Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2 маусым
 4. Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 7 маусым
 5. Таңдау пәні (Геометрия) бойынша жазбаша емтихан -10 маусым.
3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымы айқындаған мерзімде өткізілсін.
4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау оқу ісінің орынбасары А.Утегеноваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Ержанов Б.С